

ойының түйіні мақал-мәтелдерден өзекті орын алған. Мәселен, жас ұрпаққа ел қадірін «Өз елің алтын бесігің», «Отан - оттан да ыстық» «Туған жерге туынды тік», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер» деген асыл сөздермен білдірген. Жастарды кіндік кесіп, кір жуған жері үшін, әлпештеп өсірген елі үшін қасық қаны қалғанша жаумен жағаласа білетін, Отанын шын сүйетін батыр етіп тәрбиелеуді көздеген халық өзінің өлең-жырларынан, аңыз әңгімелерін, мақал-мәтелдерін осы тақырыпқа арнаған.

Сондықтан лиро-эпостық, батырлар жырларының басты кейіпкерлері ата-анасы, сүйген жары, туған жері, өскен елі үшін жаумен кескілесе күрес жүргізіп, ерлікпен даңқын шығарған халықтың сүйікті ұл-қыздары болып келеді «Отан үшін отқа түс, күймейсің, Арың үшін алыс, өлмейсің», «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», деп халық өз ұрпағын Отанын сүйуге шақырады.

Әдебиеттер:

1. Ге Ф. История воспитания и образования. -М.:Тихомиров, 1912. - 660 с.
2. Қалижан У. Түрік патриотизмінің төркіні неде? Егемен Қазақстан -1998. - №221. -1 б.
3. Джуринский А.Н. История зарубежной педагогики. Учеб пособие для вузов. - М.: Издательская группа «Форум»-«ИНФРА-М», 1988. - 272 с.
4. Орехова Е.Я. Воспитание в лицеях Франции:автореф. ...к.п.н.13.00.01- Тула,1999 -28 с.
5. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады //Егемен Қазақстан. - 1998. - 10 қаңтар.-№6.- Б.2.

Батаев Д.А., Түймебай Т.Ж., Атай Е.Ж.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қ.

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ӘСКЕРИ – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мемлекеттің барлық тарихы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мен Отан қорғаушылардың жоғары рухын, батылдығын, ерлігін, жауапкершілігін, ұрыстағы беріктігін қалыптастыру міндеттерін табысты шешумен байланысты. Әскери патриоттық тәрбиелеу - азаматтарға патриоттық тәрбие берудің негізгі бөлігі. Әскери патриоттық тәрбие беру, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді қорғаудың міндеттерін шешу үшін қажетті, патриоттық және рухани - психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға міндетті. Әскери - патриоттық тәрбиелеудің мақсаты - азаматтардың патриоттық парызын терең түсінігін, Отан қорғауға дайындығын қалыптастыру, және де еліміздің тұтастығы мен бірлігін нығайту.

Жас ұрпақты Отанына, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, олардың бойына сіңіріп қалыптастыру халық тәрбиесінде жетекші орын алады. Патриоттық тәрбие беру арқылы оқушының саналы сезімін көзқарасын қалыптастырады. Оқу орнында патриоттық тәрбиенің тереңдеуі Отанымыздың саналы да белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызады. Жастардың Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың патриоттық тәрбиесінің танымдары мен мінездерін қалыптастыру күрделі және сан түрлі процесс. Оқушының дүние танымын, білімін, көзқарасын қалыптастыруда мектеп шешуші рөл атқарады. Аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Сол арқылы әр жас жігіт, бойжеткен қыз еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек екенін түсінуі тиіс. Ер жүрек адамды, табанды күрескерді тәрбиелеудің негізі мектепте басталады. Әскери - патриоттық, тәрбие - жас өренді Отанды қорғауға ұдайы әзір болуға моральдік жағынан даярлау ұстаздар құзырында.

Сонымен, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненті

болып табылады. Тәрбиенің күрделі процесінің маңызды бір қыры студенттердің патриоттылыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір студенттің дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет. Өйткені отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына, өзін онымен байланысты сезінуіне мүмкіндік береді, ал бұл болса, оның өмірде өзіне сенімді болуына, рухани және адамгершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді.

Әлемде азаматтардың бойында ұлттық нышандарға - Туға, Елтаңбаға, Әнұранға, ұлттық мерекелерге патриоттық сезімді, оларға құрметпен қарауды мақсатты түрде қалыптастырып отырған дамыған елдер аз емес. Көптеген елдерде мемлекеттік нышандар мемлекеттің он бейнесін жасаудың негізі ретінде пайдаланылады, ұлттық мақтаныштың белгісі болып табылады, патриоттық сезім мен ерік-жігерді танытудың нысанасы ретінде пайдаланады[1]. Мемлекеттік нышандардың көмегімен оқушылар бойына еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім дәйекті де табанды тәрбиеленеді.

Ел бейнесін және Отанымен ажырағысыз байланыс сезімін мемлекет пен қоғам, ең алдымен, білім беру арқылы қалыптастырады. Осыған орай, білім алушыларды Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, елдің мемлекеттік нышандарын танымал етуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа білім беру мекемелерін белсенді түрде тарту қажет. Білім беру ұйымдарында қазіргі заманғы қазақстандық қоғамдық және мәдени шындықтарға негізделген және қазақстандықтардың тілімен байланысты дүниетаным мәдениеті мен төзімділігі жөніндегі сапалы, мазмұны жағынан тиімді ақпараттық-дидактикалық материалдардың жеткіліксіздігін, балалар мен жастарға арналған, олардың санасында патриоттық сезімді, өз Отанына деген сүйіспеншілікті оятуға, өз Отанына пайда келтіру ұмтылысын тудыруға ықпал ететін кітаптардың аздығын атап өткен жөн. Педагогикалық оқудың бүгінгі таңда өзекті мәселердің бірін қозғап тұрғандығына сәйкес, құқықтық мемлекет іргесін қалаушы, оқушылар мен олардың ата - аналары.

Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре білу қажеттігін, әр оқушының өз жеріне, отандастарына сүйіспеншілік, өзге ұлт өкілдерімен достасу арқылы халықтар арасындағы достық қарым-қатынастың - патриоттық тәрбие берудегі таптырмас құрал екендігіне көз жеткіздік.

Оқушылардың жаңа ұжымын қабылдап алған сынып жетекші, әлбетте, ең алдымен балалардың жанұядағы тәрбие жағдайларын зерттейді. Қажет болған жағдайда ата-аналарымен тығыз байланыста болып, үй жағдайларын жете зерттеуі тиіс. Оқушылардың күн реттелімі мен жанұядағы еңбек міндеттерінің орындауына ата - аналардың қалай қарайтынына, балалардың сабақ даярлайтын орны мен шағын кітапханасының бар - жоғына, санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуына, оқушының бос уақытын қалай өткізетініне айрықша назар аудару керек. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру бағытындағы жүргізілетін жұмыстың теориялық мәселелерін сөз еткенде, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін мысалға алуға болады. Ерлік барлық жанға қажетті категория. Олай дейгініміз Б.Момышұлы «Ерлік - өзінің ең жаман мінез - құлқын жеңе білу» деген тұжырым жасаған. Міне, мұндай асыл қасиеттерді қазақ ата-аналары өз отбасында тәрбиелеп, өз еркімен дамыта аларлық дәрежеге жеткізген. Осы қағиданы басшылыққа ала отыра, ата-аналардың өз уәдесінде тұру, өз кемшіліктерін мойындау да ерлік іске жататынына мысалдар келтіреміз. Ата-аналардың отбасындағы сыйластығы әдептіліктері баланың іс-әрекетінен, сөйлеген сөзінен байқалып тұратынын әр кездесуде ата-аналардың есіне салып отырудың еш артықшылығы жоқ. Тіршіліктегі барлық нәрсенің бір-бірімен сабақтас болғаны сияқты, баланың бойындағы, әдетіндегі небір жақсы, жаман қасиеттің негізі - ата-анасы. Ананың, тәрбиешінің, ұстаздың шеберлігіне қарай бала бойындағы ұстамдылық, ұқыптылық, нәзіктік, кішіпейілділік, қасиеттері қалыптасса, әке арқылы еңбекқорлық, батылдық, адамгершілік, азаматтық, табандылық мінезге ие болады. Сондықтан да оқушылардың бойындағы адамгершілік қасиеттердің патриоттық тәрбиенің

бастауы екеніне көңіл бөлемін. Ата-аналармен әңгіме, жиналыс өткізу кезінде әр ата-анаға оның баласын қандай деңгейде, қандай қасиеттерімен көргім келетіндігіне басты назар аударамын, ол үшін әр ата - анаға баланың жанында үнемі болмасаңыз да, сіздің бейнеңіздің бала үшін қандай маңызы бар екендігіне көздерін жеткіземін. Себебі, кез-келген бала үшін оның ата-анасы қандай болса да, сол күйінде оны жақсы көріп, аяшылық көрсететінін алысқа бармай-ақ, тастанды балалардың жүрек жарды лебіздерінен байқауға болатынын түсіндіріп отырудың еш артықшылығы жоқ. «Өз еліңнің нағыз патриоты дегенді қалай түсінесің?» деген тақырыптағы пікір алысу кезінде көп ата-ана өз ойларымен бөлісе білді.

Мектеп-халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттерін жас жеткіншек бойына сіңіретін орта болса, ата-бабадан қалған өшпес мұра, мол қазынаны қабілеті жоғары ұрпақтың бойына дарыту - ата-ананың міндеті екендігін әр ата-ана түсініп, өз жауапкершілігін сезінуін қамтамасыз ету - бүгінгі күннің талабы деп түсінуіміз қажет.

«Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін жан-жақты білу керек» деген белгілі педагог К.Ушинский. Сол айтпақшы, қушыны жан-жақты білу үшін мұғалімге ең алдымен көмекке келетін ата-ана екендігін әрдайым түсіндіріп отырамын. Ата-ана - ел болашағы үшін қажетті, маңызды міндеттерді арқалаған, жауапкершілігі зор, бейнеті бел қайыстыратын күрделі және қажетті орта. Оның мәселелері де сан саналы, сан қилы. Ата-ананың мектеппен бірлескен қимылының арқасында ғана нәтижеге жетеміз. Ата-аналар - халықтың бір бөлшегі. Халық дегеніміз - адам. Адамды сүю оған жақсылық жасау - патриоттық тәрбиенің ажырамас бөлшегі[2].

Ендеше, ата-аналармен бірлесе отыра, ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға арналған шаралардың алатын орны ерекше екендігіне іс-тәжірибемізде көз жеткіздік.

Назарларыңызға ұсынылған тақырыптағы мәселелер бойынша бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі патриоттық тәрбиенің алатын орнына ерекше мән берілді деп есептеймін. Мектепте тәрбиенің белгілі бір мақсаты болмаса, онда жүйелі жұмыс жүргізу мүмкін емес. Тәрбие жүйесінің негізгі қозғаушы күші - класс жетекшісі және ата-ана. Бала өмірінде еліктеудің маңызын аша келіп «үлкен кісі не істесе, бала да соны істеймін деп талпынады», сондықтан тәрбиенің басты мақсатының бірі - «жетіліп, өсіп келе жатқан баланың балдырған табиғатына азық беру, әуес қылған нәрсесін тәжірибе еткізу» деп ойлаймын.

Қазіргі кезеңдегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Тіпті бір қатар дамыған елдерде бұл идея ұлттық қағидаға айналған. Ал Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің рейтингісін анықтауға кірісіп, оның теориялық тұжырымдамалары жасалып жатыр. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, барлық ұлттық экономиканың өсуі мен дамуы білім және ғылым жүйелерінің жаңаруымен тікелей байланыстылығын байқаймыз. Шыннында, адамның жалпы білімін көтеру кең ауқымды мәселе болып отыр. Олардың біліктілігін, дағдыларын қалыптастыру қажеттігі еліміздегі ғылыми-техникалық және әлеуметтік-мәдени жетістіктерінің қарыштап дамуынан туындайды. Жастарды және кейінгі ұрпақты оқытуға, оларға кәсіби білім беруге, мамандарды жан-жақты даярлауға қоғам мен мемлекеттің бүгінгі таңда барынша назар аударуы да сондықтан. Сондықтан, соңғы жылдары, әлемдік, отандық, ұлттық негізде кеңінен білім, тәрбие беру міндетіне сай Республикада ондаған жаңа тұжырымдамалар, бағдарламалар және заңдар қабылданды. Бұлардың бәріне ортақ мақсат-ұрпаққа патриоттық тәрбие беру болып табылады. Заман талабына сай қазіргі уақтта білім мекемелерінің алдында тұрған басты мақсат-оқушылардың ой-өрісін жан-жақты дамыту. Ал, оқушыларды жан-жақты дамыту дегеніміз-оның дене бітімі жағынан өсіп-жетілуі ғана емес, сондай-ақ баланың жан-дүниесі байып, рухани өсуі, қабілеті мен бейімділігі анықталып, ой-өрісі, парасаттылық, көзқарастарының қалыптасуы болып табылады.

Ұрпақ тәрбиелеуде мынадай нақты ұстанымдарды алуға болады. Жас ерекшелігін ескеру, өзіндік дара бағытын ескеру, тікелей іс-әрекетке араласу, іс-әрекетіне деген құлшынысын арттыру, табиғи қажеттіліктерін сезіну, ұжымдық сипат алуы. Осы мақсатта орта мектептерде өтетін алғашқы әскери дайындық пәнінің мақсаты жастарды қазақстандық

патриотизм мен интернационализмге, демократиялық қоғам ісіне шексіз берілгендік пен Отанға, Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған. Елімізде Отанның қорғаушысы болуды армандайтын ұлдар мен қыздар білім алуда Олар Қазақстан тарихын тереңдетіп оқиды, алғашқы әскери дайындық сабағына аса бір ынтымақпен қатысып, болашақта тәуелсіз еліміздің мақтанышы тұтар аяулы ұлдары Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Тоқтар Әубәкіріов сынды халқының құрметті азаматы болуды армандайды. Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгілікке, өз елін сүйуге баулып келеді. Бұл берік қалыптасқан дәстүрді ұлттық тәрбиенің өзегі, дінгегі десе де болады. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» дей келіп, адамның ұлы болуы үшін кісіге «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керектігін ұлы Абай да жеріне жеткізе өсиет етіп кетті. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы»-деген еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм» ұғымдары сол заманның ақиқатынан, наным-сенімінен туындайды. Отанға деген сүйіспеншілік бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу сияқты патриотизм элементері ерте заманнан бастап қалыптаса бастады. «Отан» деген сөз әуелде көшпелі өмір сүрген ата-бабаларымыздың от жағып, тіршілік еткен ұясы деген ұғымнан шықса керек. Отан үшін от пен оққа кеудесін тосқан Бауыржан ата «Отан үшін отқа түс, күймейсін» -деп аманат қалдырған. Осындай Отанын сүйген және ол сезімнен қуат алған, ел қорғаны болған перзенттері бар елдің алар асуы мен шығар белесі әлі алда. Олай болса, осы жерді жан тәнімен сүйетіндер де, оны көздің қарашығындай қорғап, сақтайтындар да отансүйгіштік рухта тәрбиеленген жастар болып табылады.

Жаңа ғасырдың білікті, білімді, ақыл-ойы дамыған азаматын даярлау бүгінгі күн талабы. Білім беру үрдісінде қолданыс тапқан педагогикалық технологиялар жанаша сипат алууда. Білікті, білімді мамандар жаңалықты теориялық жағынан меңерумен қатар білім беру үрдісіне енгізе отырып, тәжірибе жинақтағанда оң нәтиже беретініне көз жеткізуде. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның ұстаздық еңбегінің жемісі болмайды», -деп К.Д.Ушинский айтқандай, оқытушылар заман көшінен қалмай, жаңалықтардың жаршысы болуы керек. Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыда сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Алғашқы әскери дайындық пәні математика, физика, тарих, т.б. пәні сияқты оқыту үрдісінің негізгі мақсаты-арнайы педагогикалық әдістерді мақсатты, жүйелі түрді пайдаланып, оқушылардың интеллектуалды, шығармашылық ойлауын ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының тиянақты білім алуын мақсат ете отырып, оларды өз бетінше білімдерін толықтыру, жаңа білімдерді алу тәсілдерімен қамту, алған білімдерін теориялық және практикалық мәселелерді шешуге саналы түрде қолдана білу сияқты білім жүйесінен шығармашыл, техникада, экономикада жаңа жолдар мен әдістерді таба алатын, батыл да жаңашыл, ақыл-ойы дамыған ұрпақты тәрбиелеу талап етіледі. Оқу ианымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймай, олардың қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады[3]. Қазіргі АӘД оқыту әдістемесі оқушының танымдық қызметі мен ойлау жүйесінің арақатынасын анықтай түсіуде, ол оқушының дербестігін, қажеттілігін, интеллектуалдық ойлау мүмкіндіктерін қалыптастырады.

Бүгінгі күні еліміздің рухани патриоттық байлығын, мәдени мұрасын зерттеп, оны оқушы – жастар бойына жұғысты етіп меңгерту, сол арқылы ізгі жүректі, қайырымды, іскер азамат тәрбиелеп шығару жаңа тұрпатты мектептердің алдында тұрған келелі проблема. Ол ағарту жүйесінің мазмұнын жаңарту, оның құрлымдық жүйесіне ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықты кіріктіре отырып игеру бағытында іске асырылмақшы. Оқушының ұлтжандылық көзқарасының дамыту мәселесі тек педагогикалық категория тұрғысында ғана қаралатын мәселе емес, ол бірнеше ғылымдар аясында (философия, психология, әлеуметтану, мәдениеттану, этнография, энология, этика, логика, демография т.б.) әр

қырынан қарастыруды қажет етеді. Бұл адамның тұлға болып қалыптасуы қоғам, табиғат, мәдениет, әлеммен біртұтастыққа жүзеге асатын күрделі үрдіс екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. - Алматы: Қазақстан, 1991.-396.
2. Сейталиев К. Тәрбие теориясы. –Алматы: Мектеп, 2016 ж. – 27 б.
3. Демеуов А.К. Әскери патриоттық тәрбие негіздері оқу құралы, 2016.

Елеуов А.К.

Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДА ҚАЗАҚ ПАТРИОТИЗМІН ТӘРБИЕЛЕУ

Қазақстандық патриотизм – көп қырлы құбылыс. Біз үшін Отан – үйімізден, отбасымыздан, бірінші беттегі суреттен, көпұлтты еліміздің бірлігінен, тұтастығынан, егемендігінен, қауіпсіздігінен басталады. Әскери-патриоттық тәрбие патриоттық тәрбиенің ажырамас және маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және белгілі сөздерді қайталайтын болсақ, кез келген егемендік өзін қорғай білгенде ғана құнды деп сеніммен айта аламыз.

Қазіргі таңда жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің денсаулық жағдайының нашарлауы және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың көбеюі байқалады. Әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру жүйесі жанарту мен жетілдіруді қажет ете бастады. Жоғары сынып оқушыларының бойында болашақ Отан – Қазақстан Республикасын қорғаушылардың жоғары адамгершілік және жауынгерлік қасиеттерін дамыту, студенттерді Қазақстан халқының жоғары рухани және әскери дәстүрлеріне тәрбиелеу, олардың әскери-патриоттық ой-өрісін кеңейту, Қазақстан Республикасын қорғаудағы азаматтық борышын орындауға саналы көзқараспен қарауға, әскери іске саналы көзқарасқа, тәртіп пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу, әскери кәсіпке қызығушылықты ояту, ұжымшылдық, достық пен әскери жолдастық рухты қалыптастыру, оқу Отанымыздың тарихи өткені, ата-бабаларымыздың рухани мұрасы, олардың жауынгерлік және жауынгерлік дәстүрлері [1].

ҰБТ міндеттері жоғары сынып оқушыларына әскери-патриоттық тәрбие берудің ерекше бағытын алдын ала белгілейді. Бұл студенттің санасына, сезіміне, ерік-жігеріне және физикалық дамуына оның бойында жоғары адамгершілік принциптерін қалыптастыру, мінез-құлық нормаларын, дұрыс еңбек, дене және әскери-кәсіби дайындығын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған және үздіксіз педагогикалық әсер ету процесін білдіреді. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында мінсіз қызмет ету, Отанымызды қарулы қорғаудың қасиетті борышын өтеу және көршілес мемлекеттерге интернационалдық көмек көрсету. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді қастерлеуге, кез келген қарсылыққа төзбеуге тәрбиелеу міндеттері қойылған. конституциялық және қоғамға қарсы көріністер.

Ғылымдағы патриоттық тәрбие мәселесі ешбір жаңалық емес. Бұл мәселе көне заманнан бері мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлерінің назарын аударып келеді [2].

Патриоттық-азаматтық тәрбие мәселелерін қарастыру педагогикада сонау көне дәуірден бастау алады. Платон мен Аристотель азаматтық тәрбиені мемлекетті құрметтеу мен заңға бағынуды дамыту процесі ретінде қарастырса, Руссо азаматтық тәрбиені жеке тұлғаның еркін дамуы, оның өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасау деп қарастырды. Макиавелли белсенді патриотизмді жариялады, Монтескье Отанға деген сүйіспеншілікті сүйіспеншілікпен және теңдікке ұмтылумен байланыстырды, Фихте Отанға деген сүйіспеншілікті жанқиярлықты